

Жаңақорған ауданының білім бөлімі жанынан құрылған жекеменшік мектепке
дейінгі ұйымдарға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру жөніндегі
конкурстық жұмысшы топ отырысының
ХАТТАМАСЫ № 1

Күні: 20.10.2025 жыл

Өткізілген орны: Жаңақорған ауданының білім бөлімі

Қатысушылар:

- 1) Ж.Ахметжанов – білім бөлімінің басшысы м.а, жұмысшы топ төрағасы;
 - 2) А.Қарабалаева - облыстық білім басқармасының бас маманы, жұмысшы топ мүшесі;
 - 3) Ж.Турлыбеков – аудандық мәслихат депутаты, жұмысшы топ мүшесі (келісім бойынша);
 - 4) А.Жолдасбеков – «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының Жаңақорған ауданы бойынша филиалының директоры жұмысшы топ мүшесі (келісім бойынша);
 - 5) Т.Ескабылов - жұмысшы топ мүшесі, білім қызметкерлері салалық кәсіподақ ұйымының төрағасы, жұмысшы топ мүшесі (келісім бойынша)
 - 6) М.Жандарбекова – білім бөлімінің мектепке дейінгі тәрбие әдіскері, жұмысшы топ мүшесі;
 - 7) Д.Турсынбаев – Жаңақорған ауданы әкімі аппараты ұйымдастыру бақылау бөлімінің бас инспекторы, жұмысшы топ мүшесі (келісім бойынша);
 - 8) А.Мажитов – Жаңақорған ауданы бойынша «АМАНАТ» партиясының төрағасы, жұмысшы топ мүшесі (келісім бойынша);
 - 9) К.Абилтанова - «Ақбаян» әйелдер қоғамдық бірлестігінің төрайымы, жұмысшы топ мүшесі (келісім бойынша);
- А.Сарекеев – Жаңақорған ауданы бойынша білім бөлімінің әдіскері, жұмысшы топ хатшысы;

;

Күн тәртібінде:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге, балаларға қосымша білім беруге және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 27 тамыздағы № 381 бұйрығына, Қызылорда облысының білім басқармасының 2025 жылғы 07 қыркүйектегі №02-14/4914 санды хатына сәйкес аудан көлеміндегі мектепке дейінгі ұйымдардың құжаттарын қарау, тиісті шешім шығару.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша жұмысшы топ төрағасы Ж.Ахметжанов мемлекеттік және жекеменшік мектепке дейінгі ұйымға,

олардың жұмыстарын нақтылау мақсатында мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша жұмысшы топ отырысын ашып, аудан бойынша бұрын мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған мектепке дейінгі ұйым меңгерушілерінен түскен өтініштермен қоса ұсынылған құжаттарды жұмысшы топ қарауына ұсынды.

А.Қарабалаева – 2007 жылғы 27 шілдедегі ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес білім бөлімінің құзыретіне мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балаларды есепке алуды ұйымдастыратындығы көрсетілетіндіктен балабақшалар жұмыстарының заңдылығына жауапкершілікпен қарау керектігін атап өтті.

А.Жолдасбеков – Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы негізінде балалардың мектепке дейінгі тәрбиемен және біліммен толық қамту мақсаты қойылған болатын. Осыған орай балалардың толық әрі сапалы білім бере отырып мектепке дейінгі ұйыммен қамтылуына, тиісті талаптардың орындалуына және кәсіпкерлердің мүдделерінің қорғалуына қолдау көрсетуіміз керек деп ойлаймын.

Ж.Тұрлыбеков – Мектепке дейінгі ұйымдарға мемлекеттік тапсырыс тоқтатылып, қызметкерлер жұмысынан айырылған жағдайда қордан төленетін әлеуметтік төлем жұмыстан шығу себептеріне қарамастан тағайындалады. Төлем міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу өтіліне байланысты 1 айдан 6 айға дейін тағайындалатынын атап өтті.

М.Жандарбекова – Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақта «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген сөз бар. Сондықтан, мектепке дейінгі тәрбие жұмысы басты назарда болуы керек» деп еліміздегі балабақшалардың жұмысына ерекше көңіл бөлу қажеттігін айтқан болатын. Бүгінгі күні ауданымызда балабақша саны жетерлік, бірақ ондағы сапалы білімнің деңгейін ескеруіміз керек. Жаңақорған ауданы бойынша 26 мемлекеттік балабақша, 82 жеке балабақша және 7 мектептер жанында орналасқан шағын орталықтар жұмыс жасап жасауда. Мектепке дейінгі ұйымдарда 6000-нан аса бала білім мен тәрбие алуда, бүлдіршіндердің сапалы біліммен және ресустармен қамтылуы мақсатында заңдылықтар толық сақтала отырып, қазіргі заман талабына жағдайларды қарастыра отырып жұмыс жасағаны орынды деп санаймын.

Бибек балабақшасының құжаттарын қарап, барып көру нәтижесінде балабақшаның ауласына кіргеннен бастап толығымен тазалық жұмыстарын жүргізу, балалар ойын алаңын қосу, ғимаратқа толығымен қайта тазалық жұмыстарын жүргізу, ғимаратқа жасалуға тиісті техникалық жөндеу жұмыстарын (қабырғалардың тесігін ұқыпты бітеу, шығып тұрған артық нәрселерді қалпына келтіру т.б.) сапалы ұйымдастыру, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін арнайы жағдайлар мен қолжетімді орта ұйымдастыру бойынша жұмыстарды (пандус, қол жуғыш, әжетхана т.б. талапқа сай болуы т.б.) толығымен сапалы ұйымдастыру, балалар әжетханасына арнайы тазалық жұмыстары, су жүйелерінің толық істеп тұруын қамтамасыз ету т.б. керектігі анықталды. Анықталған кемшіліктер қалпына келтірілді. Өтініш қанағаттандырылды.

Диана II балабақшасының құжаттарын қарау нәтижесінде Мемлекеттік аттестациядан өтпеген, жұмысты бастау туралы хабарлама алынбағандығы анықталды. Өтініш қанағаттандырусыз қалдырылды.

Нұр-Рахман балабақшасының құжаттарын қарап, барып көру нәтижесінде тиісті талартарға сай екендігі анықталды.

Бегім сұлу балабақшасының құжаттарын қарап, барып көру нәтижесінде бөлмелеріне кереуеттер бойынша ауыстырулар жасау жөнінде ұсыныс айтылды. Анықталған кемшіліктер қалпына келтірілді. Өтініш қанағаттандырылды.

Айғаным Ару балабақшасының құжаттарын қарап, барып көру нәтижесінде балаларға арналған ойын алаңын талапқа сай орналастыру керектігі жөнінде ұсыныстар айтылды. Анықталған кемшіліктер қалпына келтірілді. Өтініш қанағаттандырылды.

Ақ Балжан балабақшасының құжаттарын қарап, барып көру нәтижесінде күрделі тазалық жұмыстарын жасау жөнінде ұсыныс айтылды. Анықталған кемшіліктер қалпына келтірілді. Өтініш қанағаттандырылды.

Айшакүл балабақшасының құжаттарын қарап, барып көру нәтижесінде Мектепке дейінгі ұйым ғимараты бала қабылдауға толығымен сай болмағандықтан конкурсқа түсу туралы өтінішін қайтып алды. Өтініш қанағаттандырусыз қалдырылды.

Бакберген балабақшасының құжаттарын қарап, барып көру нәтижесінде балабақшаның ауласына кіргеннен бастап толығымен тазалық жұмыстарын жүргізу, балалар ойын алаңын қосу, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін арнайы жағдайлар мен қолжетімді орта ұйымдастыру бойынша жұмыстарды толығымен сапалы ұйымдастыру керектігі анықталды. Анықталған кемшіліктер қалпына келтірілді. Өтініш қанағаттандырылды.

Күнімай балабақшасының құжаттарын қарап, барып көру нәтижесінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін арнайы жағдайлар мен қолжетімді орта ұйымдастыру бойынша жұмыстарды (толығымен сапалы ұйымдастыру, оқшаулау бөлмесі мен медик қызметкер бөлмесін арнайы жасау, домофон түймешесін сыртқа орналастыру керектігі анықталды. Анықталған кемшіліктер қалпына келтірілді. Өтініш қанағаттандырылды.

Нұр-Перзент балабақшасының құжаттарын қарап, барып көру нәтижесінде балабақша ғимараты іші-сыртына толық тазалық жұмыстарын жүргізу, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін арнайы жағдайлар мен қолжетімді орта ұйымдастыру бойынша жұмыстарды толығымен сапалы ұйымдастыру, балалар ойын алаңын жасау керектігі анықталды. Анықталған кемшіліктер жөнделді. Өтініш қанағаттандырылды.

Марғұлан балабақшасының құжаттарын қарап, барып көру нәтижесінде балабақша бала қабылдауға дайын емес екендігі анықталды. Өтініш қанағаттандырусыз қалдырылды.

Нұрасыл III балабақшасының құжаттарын қарап, барып көру нәтижесінде балабақша ғимаратының ішкі жабдықталуына байланысты

ұсыныстар айтылды. Кемшіліктер қалпына келтірілді. Өтініш қанағаттандырылды.

Балшуак балабақшасының құжаттарын қарап, барып көру нәтижесінде ғимарат ауласына тазалық жұмыстарын қайта жасау жөнінде ұсыныс айтылды. Анықталған кемшіліктер қалпына келтірілді. Өтініш қанағаттандырылды.

Айзере К балабақшасының құжаттарын қарап, барып көру нәтижесінде балалар ойын алаңын жасау, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін арнайы жағдайлар мен қолжетімді орта ұйымдастыру бойынша жұмыстарды толығымен сапалы ұйымдастыру, балабақша ғимараты іші-сыртына толық тазалық жұмыстарын жүргізу керектігі, сыртқы ойын алаңының жоқтығы анықталды. Анықталған кемшіліктер қалпына келтірілді. Сонымен қатар, комиссия мүшелерімен көру барысында осы балабақшаны қайта ашу жөнінде ауылдың тұрғындары арнайы келіп ұсыныс жасады. Өтініш қанағаттандырылды.

Алинұр А балабақшасының құжаттарын қарап, барып көру нәтижесінде жасалған бөлме сұраған балаларға тарлау, үлкеніне ауыстыру қажет, төсеніш, тазалық т.б. жөнінен жұмыстар қажет екендігі анықталды. Анықталған кемшіліктер қалпына келтірілді. Өтініш қанағаттандырылды.

Гүлару балабақшасының құжаттарын қарап, барып көру нәтижесінде ғимарат сәйкес емес, балаларға толық жағдай жасалмаған, №381 бұйрық талабы бойынша мектепке дейінгі ұйым балалар қабылдауға дайын емес. Өтініш қанағаттандырусыз қалдырылды.

Қосекен балабақшасының құжаттарын қарап, барып көру нәтижесінде балабақшаның ауласына кіргеннен бастап толығымен тазалық жұмыстарын жүргізу, балалар ойын алаңын қосу, ғимаратқа толығымен қайта тазалық жұмыстарын жүргізу, көрсетілген бөлмелердің тиісті жерлеріне сылақ жұмысын жүргізу, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін арнайы жағдайлар мен қолжетімді орта ұйымдастыру бойынша жұмыстарды (пандус, қол жуғыш, әжетхана т.б. талапқа сай болуы т.б.) толығымен сапалы ұйымдастыру, су жүйелерінің толық істеп тұруын қамтамасыз ету т.б. керектігі анықталды. Анықталған кемшіліктер қалпына келтірілді. Өтініш қанағаттандырылды.

Ақбалапан балабақшасының құжаттарын қарап, барып көру нәтижесінде толығымен талапқа сай екендігі анықталды. Өтініш қанағаттандырылды.

Сен-сұлу балабақшасының құжаттарын қарап, барып көру нәтижесінде қойманы талапқа сай орналастыру, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін арнайы жағдайлар мен қолжетімді орта ұйымдастыру бойынша жұмыстарды толықтыру т.б керектігі анықталды. Анықталған кемшіліктер қалпына келтірілді. Өтініш қанағаттандырылды.

Алтын-ұя балабақшасының құжаттарын қарау нәтижесінде Мемлекеттік аттестациядан өтпеген, жұмысты бастау туралы хабарлама алынбағандығы анықталды. Өтініш қанағаттандырусыз қалдырылды.

Мадина Ө балабақшасының құжаттарын қарап, барып көру нәтижесінде толығымен талапқа сай екендігі анықталды. Өтініш қанағаттандырылды.

Бағнұр балабақшасының құжаттарын қарап, барып көру нәтижесінде арнайы дайындаған екінші ғимараты талапқа сай емес, негізгі жайы талапқа сай, қосымша 1 топқа сыйымдылық бар екендігі анықталды. Өтініш қанағаттандырылды.

Сырғаш балабақшасының құжаттарын қарап, барып көру нәтижесінде елді мекенде 3-5 жас аралығындағы балалар саны аз, бұл балабақшаға көрші елді мекеннен балалар қатынайтындығы айтылды. Ғимарат сұраған балалар саны сәйкес болғанымен, орналастырулар бойынша үйлесімділік жоқ. Балалардың ойнайтын жері мен жатын аумағы бір жерге, бір бөлмеде орналасқан. Едендердің төсеніштері өте аз, өте салқын. Балабақшаның аумағы ретсіз. Балалардың ойын алаңы талапқа сай емес. Сондай-ақ ғимараттың сырты да талапқа сай емес. Өтініш қанағаттандырусыз қалдырылды.

Рауғаш балабақшасының құжаттарын қарап, барып көру нәтижесінде алғаш кірген (бірінші ғимарат) ғимарат бойынша ұсыныстар айтылды. Екінші негізгі ғимаратта 4-ші топ ашуға толық мүмкіндік жасалғандығы анықталды. Өтініш қанағаттандырылды.

Ақсымбат балабақшасының құжаттарын қарап, барып көру нәтижесінде толығымен талапқа сай екендігі анықталды. Өтініш қанағаттандырылды.

НұрЖайна балабақшасының құжаттарын қарап, барып көру нәтижесінде ұсыныстар айтылды. Анықталған кемшіліктер қалпына келтірілді. Өтініш қанағаттандырылды.

Мейірхан балабақшасының құжаттарын қарап, барып көру нәтижесінде толығымен талапқа сай екендігі анықталды. Өтініш қанағаттандырылды.

Нұрдаулет С балабақшасының құжаттарын қарап, барып көру нәтижесінде толығымен талапқа сай екендігі анықталды. Өтініш қанағаттандырылды.

Балатаң балабақшасының құжаттарын қарап, барып көру нәтижесінде тазалық және техникалық жөндеулер бойынша ұсыныстар айтылды, анықталған кемшіліктер қалпына келтірілді. Өтініш қанағаттандырылды.

Балбұлақ балабақшасының құжаттарын қарап, барып көру нәтижесінде бюджеттік өтінім беру ұсынылды, Өтініш қанағаттандырылды.

Асылназ балабақшасының құжаттарын қарап, барып көру нәтижесінде елді мекенде 2 жасар балаға аталған балабақшаға өтініштер көп түскен. Қосымша орын есебінен емес, өзіндегі орынды жас ерекшелік бойынша ауыстыру жөнінде ұсыныс айтылды, түсіндірме жұмысы жүргізілді. Балабақша құрылтайшысы келісті. Өтініш қанағаттандырусыз қалдырылды.

Тұмарым-Ай балабақшасының құжаттарын қарап, барып көру нәтижесінде толығымен талапқа сай екендігі анықталды. Өтініш қанағаттандырылды.








Күн тәртібіндегі мәселені қорытындылай келе жұмысшы топ төрағасы Ж.Ахметжанов Талап бекетінде мемлекеттік және жекеменшік мектепке дейінгі ұйымның жоқтығын жеткізе отырып, сол елді мекенде 2-6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі ұйыммен қамту мақсатында №254 орта мектептен (Талап бекеті) 20 орындық шағын орталық ашуға тиісті құзырлы органдарға ұсыныс беру керектігі жөнінде айтып өтті.

Жұмысшы топ мүшелері ұсынысты бір ауыздан қолдады.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша жұмысшы топ **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Жаңақорған ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға білім беру тапсырысын орналастыру тізбесі 2-5 жас аралығына №1 қосымшаға сай бекітілсін.

Жұмысшы топ мүшелері:

- | | | |
|-------------------|---|----------------------|
| 1) Ж.Ахметжанов |  | жұмысшы топ төрағасы |
| 2) А.Қарабалаева |  | жұмысшы топ мүшесі |
| 3) Ж.Турлыбеков |  | жұмысшы топ мүшесі |
| 4) А. Жолдасбеков |  | жұмысшы топ мүшесі |
| 5) Т.Ескабылов |  | жұмысшы топ мүшесі |
| 6) М.Жандарбекова |  | жұмысшы топ мүшесі |
| 7) Д.Турсынбаев |  | жұмысшы топ мүшесі |
| 8) А.Мажитов |  | жұмысшы топ мүшесі |
| 9) К.Абилтанова |  | жұмысшы топ мүшесі |
| А.Сарекеев | | жұмысшы топ хатшысы |

Мектепке дейінгі тәрбие
мен оқытуға мемлекеттік
білім беру тапсырысын
орналастыру бойынша
конкурстық жұмысшы топ
отырысының 20.10.2025
жылғы №1 хаттамасының
№1 қосымшасы

**Жаңақорған ауданы бойынша 2025 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға
білім беру тапсырысын орналастыру тізбесі**

№	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының атауы	Келісімшарт бойынша орын саны
1.	«Айзере-К» бөбекжай балабақшасы» жеке мекемесі	15 жаңа орын
2.	«Бегім-Сұлу» жеке мекемесінің балабақша бөбекжайы	50 жаңа орын
3.	«Бақберген» бала бақшасы» жеке мекемесі	40 жаңа орын
4.	«Ақ-Балапан» бала бақшасы жеке мекемесі	46 жаңа орын
5.	«Бағнұр» жеке мекемесінің балабақша бөбекжайы	20 қосымша орын
6.	«Қосекен» бөбекжай балабақшасы» жеке мекемесі	60 жаңа орын
7.	«Сен Сулу» бала бақшасы» жеке мекемесі	60 жаңа орын
8.	«Ақ-Балжан» жеке мекемесінің балабақша бөбекжайы»	21 жаңа орын
9.	«АйғанымАру » бөбекжай балабақшасы» жеке мекемесі	65 жаңа орын
10.	«Күнім-Ай» бала бақшасы жеке мекемесі	60 жаңа орын
11.	«Нұрасыл- III» жеке мекемесінің балабақша бөбекжайы	40 жаңа орын
12.	«Алинұр-А» балабақшасы жеке мекемесі	50 жаңа орын
13.	« Рауғаш С » жеке мекемесінің балабақша бөбекжайы	25 қосымша орын
14.	«Мадина-Ө» бөбекжай бақшасы жеке мемкесі	50 жаңа орын
15.	«Нұр-Перзент» бала бақшасы» жеке мекемесі	63 жаңа орын
16.	«Бибек» бала бақшасы» жеке мекемесі	35 жаңа орын
17.	«Ақсымбат» жеке мекемесінің балабақша бөбекжайы	75 қосымша орын
18.	«Нұр Рахман» бөбекжай балабақшасы» жеке мекемесі	45 жаңа орын
19.	«Нұр-Жайна» бөбекжай балабақшасы» жеке мекемесі	20 қосымша орын
20.	«Мейірхан» бөбекжай балабақшасы» жеке мекемесі	45 қосымша орын
21.	«Балбұлақ бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	20 қосымша орын
22.	«Бал-Шуақ» бала бақшасы» жеке мекемесі	50 жаңа орын
23.	«Нұрдаулет-С» бөбекжай балабақшасы» жеке мекемесі	25 қосымша орын
24.	«Бала таң» бөбекжай балабақшасы» жеке мекемесі	46 қосымша орын
25.	«Тұмарым-Ай» бөбекжай балабақшасы» жеке мекемесі	20 қосымша орын
	Барлығы	1046